ИНДУСТРИЯ ДАМЫМАЙ ЕЛ ДАРЫМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған елімізді төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамытуға арналған 10 негізгі міндет – жаңа цифрлық дәуірде егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беріп, халқымыздың игілігін көздеген жаңа бағыт.

Биылғы Елбасы Жолдауының ерекшелігі – ел дамуының түбегейлі тұстарын зерделеп, оның сан қырлы салаларын жүйелі түрде жаңғырту мәселесіне мән беруінде. Президент өз Жолдауында инновациялық индустрияландыру саясаты экономиканың флагманына айналуы тиіс деген тапсырма жүктеді. Расында да, Қазақстанның бүгінгі жеткен жетістігі, алдымен Елбасы пәрменімен іске асырылған индустрияландыру бағдарламасының арқасында мүмкін болып отыр. Міне, соның нәтижесінде қаншама жаңа өндіріс орындары пайда болды, ол өз кезегінде мыңдаған қазақстандық үшін тұрақты жұмыс көзіне айналды. Мәселен, бір ғана өткен жылдың өзінде индустрияландыру картасы бойынша 12633 жұмыс орны ашылды. Осы бағыттан таймасақ, еліміздің келешегі кемелді болары сөзсіз. Өйткені, қазіргі дамыған мемлекеттердің бәрі де осы жолмен жүріп өткен. Маңызды стратегиялық қадамдарсыз экономикамыз да өрге баспайды, алдыңғы қатардағы отыз елдің глобалдық экономикасына кіру қиын. Елбасының қоғамды ұстап тұрған барлық салаларға сандық технологияны енгізіп, сол арқылы әлемдік бәсекеге қабілетті болуымыз керек деген мағынадағы сөздері ерекше.

2017 жылы еліміз әлемдік дағдарыстың қолайсыз салдарын еңсеріп, сенімді өсу жолына қайта түсті. Жыл қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің өсуі 4 пайызға, ал өнеркәсіптік өнімнің өсуі 7 пайыздан асты. Бұл орайда, өнеркәсіптің жалпы көлемінде өңдеуші сектордың үлесі 40 пайыздан асты. Қазақстанның қолайлы дамуы орта топтың қалыптасуына мүмкіндік берді. Кедейшілік 13 есе қысқарып, жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызға дейін төмендеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессия аралық келісім – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала бермек. Ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтай отырып, Президентіміз алға қойған нақты ұлт жоспарын іске асыру – біздің басты міндет.

Тәуелсіздіктің әу-басынан бастап Елбасы мемлекеттің индустрия саласын дамытуды ешуақытта назардан шығарған жоқ. Себебі, мемлекетті байытудың бірден бір тиімді жолы ол ауыр индустрияны дамыту және инновация жетістіктерімен толықтырып отыру. Дамыған Батыс мемлекеттерінде мұны «Scientific support» (ғылыми көмек) деп атайды, яғни өндіріске ғылыми көмек көрсету, дұрысы – ғылыми сүйемелдесу (научное сопровождение). Сатылып алынған ең жаңа технология (трансферт) әрі кетсе 5 жылда ғылымның тез дамуына байланысты тиімділік үстемдігінен айырылады. Сондықтан кез келген зауытты немесе фабриканы ғылыми сүйемелдеу арқылы алғы шепте ұстап тұру керек. Мысалы АҚШ, Батыс Европа, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттерде өңдеу, тауар шығару өндірісі осылайша жұмыс істейді. Ал керісінше Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері ауыл шаруашылық дақылдарынан жыл сайын 4-5 рет өнім алатынына қарамай кедейшілік өмір кешуде. Себебі ол елдерде индустрия дамымаған, ал ол жағдай өз кезегінде жоғары техникалық білім мен ғылымның жетілмегендігіне байланысты орын алып отыр. Сондықтан «Ғылымсыз даму (прогресс) жоқ» – деген аксиоманы естен шығармау керек.

Дегенмен Тәуелсіз Қазақстанда өндіріс тарапынан ғылымға Кеңес үкіметі кезіндегідей сұраныс жоқ. Оның негізгі екі себебін атап кеткім келеді. Біріншісі – көптеген ірі өндіріс орындары шет елдік инвесторлардың қолында, ол компаниялардың өз елдерінде көптеген ғылыми-зерттеу институттары бар, ғылымға бөлінетін шығындары сонда кетеді. Ал одан төмендеу өндіріс орындары – монополистер, қандай тауар шығарса да өтімді, арасында бәсекелестік жоқ. Ғылымсыз-ақ табысты күреп жатыр, қоршаған ортаны да аямай бүлдіріп жатыр. Шексіздік орын алған, қанағат жоқ. Екінші себебі – ғылыми лаборатория мен өндіріс цехтарынының арасын жалғап тұратын көпір бұзылған. Ғалымдардың жаңа, әрі озық тәсілмен грамдап алған заттарын өндіріс басшысы өз

зауытына ендіру үшін, тонналап болмаса да килограммдап шығаруды талап етеді. Онысы дұрыс, бірақ ол үшін жартылай өндірістік ірі қондырғы керек. Бұрын ірі зауыттарда тәжірибелік немесе эксперименталдық цехтар болатын. Олар Кеңес Үкіметімен бірге жоқ болды. Қомақты қаражат талап етуіне қарамастан оларды жобалау және конструкторлық бөлімдермен қоса қайта құру керек. Жаңадан өріс алып келе жатқан мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін құру арқылы бұл мәселені толық шешуге болады.

Алдымыздағы үлкен мақсат 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің ішіне кіру екені белгілі. Бұл шаруа оңай емес. Алға ұмтылмай жүрген мемлекет жоқ. Бірінші 30-дыққа кіру үшін біз Испания, Италия сияқты мемлекеттермен жарысып, олардан озуымызға тура келеді. Ол үшін ел іші тату-тәтті, жоғары саналы мәдениетті, біртұтас ел болуымыз керек. Қазақстанның жыл сайын тәуелсіздігі нығайып, экономикасы өсіп, алпуыт елдермен тең дәрежеде стратегиялық әріптестік құруға беделі жетіп отыр. Бұл Елбасы – Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа барған сапарының нәтижесінен айқын көрініп тұр.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА президенті, академик,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығының
Лауреаты